

	Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Коммунальное государственное предприятие на ПХВ «Жамбыльский высший медицинский колледж» управления здравоохранения акимата Жамбылской области	ТЖ туралы Ереже, ішкі тәртіп ережесі, студенттердің арнамыс Кодексі / Положение о ВР, свод правил, Кодекс этики студентов колледжа	ТЖ-СМЖ-ВР-СМК 07-01-02 6 беттің 1 беті стр1 из 6
---	--	---	---

Қаралды
Педагогикалық кеңесте №1
« » _____ 2026 ж.

Бекітемін
Жамбыл медициналық
колледжінің директоры
Ж.Н. Сарыбекова
« » _____ 2026 ж.



Жамбыл жоғары медициналық колледжінің студенттеріне арналған ішкі тәртіп ережесінің жинағы

	Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Коммунальное государственное предприятие на ПХВ «Жамбылский высший медицинский колледж» управления здравоохранения акимата Жамбылской области	ТЖ туралы Ереже, ішкі тәртіп ережесі, студенттердің арнамыс Кодексі / Положение о ВР, свод правил, Кодекс чести студентов колледжа	ТЖ-СМЖ-ВР-СМК 07-01-02 6 беттің 2 беті стр2 из 6
---	---	--	--

Жамбыл жоғары медициналық колледжінің студенттеріне арналған ішкі тәртіп ережесінің жинағы.

Жамбыл жоғары медициналық колледжінің студенттері өздеріне білім және тәрбие алуды максат етіп отырулары қажет. Сыртқы келбеті мен ішкі дүниесі үйлесімді болып, бойындағы барлық жақсы қасиеттері колледж талаптарымен сай болуы керек. Алдарына қойған максаттарын жүзеге асыру үшін келесі ережелерді ұстану қажет.

1. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің студенттерінің сырт келбеті, адамгершілік қасиеттері және негізгі ережелер.

1.1. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің студенттер қатарына жатпайды:

- деструктивті және тоталитарлық секта мүшелері;
- құқықтық тәртіпті бұзған, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылғандар;
- қоғамда мас күйінде жүретіндер;
- қоқандылық, әдепсіздік, менменшілдік көрсететіндер;
- оқуға зиянын келтіретін, қосымша жұмыс істейтіндер (жұмыс кестесі сабақ уақытында және түнгі уақытта болса);
- колледждің студенттеріне, қызметкерлеріне моральдық және материалдық нұқсан келтіретіндер.

1.2. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің студенттері құқылы:

- сапалы білім алуға;
- акпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен қамтамасыз етілуге;
- спорт, оқу, акт залдарын, кітапхананы тегін пайдалануға;
- өзінің пікірі мен ойын еркін білдіруге;
- өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға құқығы бар.

1.3. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің студенттері міндетті:

- Қазақстан Республикасының заңын бұзбайтын, өз елінің патриоты болуға;
- колледждің ішкі ережесін, денсаулық сақтау мекемелерінің және колледждің Жарғысын сақтауға;
- техника қауіпсіздігі ережесін ұстануға;
- колледж мүлкіне, энергетикалық және табиғи ресурстарға ұқыптылықпен қарауға;
- оқытушыларды, студенттерді, колледж қызметкерлерін сыйлауға;
- уақытты тиімді пайдалануға;
- мемлекеттің, қоғамның, колледждің, адамның денсаулығына, мүлкіне зиян келтіретін барлық жағдайға белсенді қарсылық көрсетуге;
- сабаққа тек классикалық үлгіде киініп, ақ қалпақ пен халат, екінші аяқ киім және бейджикпен келуге;
- қалалық сенбіліктерге, тазалық күндеріне белсенді қатысуға;
- жыл сайынғы жазылымға белсенді түрде жазылуға;
- өзімен бірге студенттік билетін, оқырман билетін ұқыпты ұстап, басқа біреуге беріп жібермеуге, сұраған уақытында көрсетуге (жоғалған жағдайда топ жетекшісіне бірден ескерту).

1.4. Студенттерге тыйым салынады:

- колледж аумағынан тыс жерлерге ақ халатпен, екінші аяқ киіммен шығуға;

	Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Коммунальное государственное предприятие на ПХВ «Жамбылский высший медицинский колледж» управления здравоохранения акимата Жамбылской области	ТЖ туралы Ереже, ішкі тәртіп ережесі, студенттердің ар-намыс Кодексі / Положение о ВР, свод правил, Кодекс чести студентов колледжа	ТЖ-СМЖ-ВР-СМК 07-01-02 6 беттің 3 беті стр3 из 6
---	---	--	---

- колледж аумағында карта ойнауға, темекі шегуге, арак ішуге, құмар ойындарын ойнауға;
 - колледж ғимаратында пісте шағуға, сағыз шайнауға, коқыс тастауға, жеке заттарын қалдыруға;
 - сабақ үстінде әлеуметтік желілерді (инстаграм, фейзбук, ютуб, тик-ток, уатсап, құмар ойын) пайдалануға және колледж беделіне нұқсан келетін контентті өз бетінше әлеуметтік желілердің кез-келгеніне орналастыруға, телефонды қуаттауға;
 - сабақ, іс-шаралар кезінде өзге нәрселермен айналысуға;
 - оқу үрдісіне кедергі келтіруге;
 - колледж мүліктеріне, өсімдіктерге, кітаптарға, парталарды сызуға;
 - жоспарланбаған іс-шараларға қатысуға;
 - пешеход, терезеде отырмау;
 - Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын іске асыру мақсатында ҚР оқу-ағарту министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы No26 бұйрығына сәйкес «мектеп (колледж) формасына әртүрлі конфессиялардың діни киімдерінің элементтерін енгізуге жол берілмейді» делінген бұйрығын басшылыққа алып, басқа қоғам ұйымдарының киімін киюге (хиджаб, орамал), діни ағымдардың атрибуттарын тағуға;
 - сабақ кезінде қыздарға маникюр жасатуға, шаш жайып келуге;
 - колледжге бағалы заттар (смартфон, алтын әшекейлер) үшкір, газды баллон, суық қару әкелуге;
 - колледж Жарғысына қарсы келетін үгіттеу жұмыстарымен айналасуға;
 - білім беру мекеме ішінде студенттердің бас киіммен жүруіне, құлаққап тағуына, дене тәрбиесі сабағынан тыс уақытта спорттық киім киюге, жыртық шалбар, қысқа топик, қысқа юбка мен көйлектер киюге рұқсат етілмейді.
- 1.5. Студент колледждің мүлкіне зиян келтірген жағдайда оның толық түрде төлемақысына жауапты (студент кәмелеттік жасқа толмаған болса ата-ана жауапты).
- 1.6. Салтанатты іс-шаралар өткізгенде тыныштық сақтауға, **Гимн** ойналғанда орнынан тұрып, басқа әңгімелер мен әрекеттерге ойын бөлмеуге тиіс.

2. Студенттердің оқудағы міндеттері.

- 2.1. Қазақстан Республикасы Білім туралы заңының 47 бабының 15-1, 16 тармақтарына сай:
- Білім беру ұйымдарында білім алушылар білім беру ұйымында белгіленген киім формасын сақтауға міндетті.
 - Білім алушылар педагогтің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге міндетті.
- 2.2. Барлық студенттер қысқы және жазғы демалыстан кейін уақтылы оқуға келуі қажет. Уақытысында келмеген студент 10 күн ішінде өзінің келмеген себебі туралы заңды анықтама қағазын көрсетуі тиіс. Жаңа оқу жылында түскен студент уақтылы сабаққа келмеген жағдайда, өзін ақтайтын құжат көрсетпеген жағдайда, оны оқуға түспеген деп есептеп, одан кейін тұрған талапкерді оқуға қабылдайды.
- 2.3. Оқу үрдісі кезінде студент сабақ кестесі бойынша барлық сабақтарға қатысуға, оқытушы келгенше аудиторияға уақтылы кіріп, өз орнында отыруға міндетті. Әр кешіккен кезіне бөлім меңгерушісінің алдында жауап береді.
- 2.4. Колледжге, денсаулық сақтау орындарына таза ақ халат, қалпақпен келуі қажет. Әрдайым киімі таза, артық заттары жоқ болуы және сабаққа қажетті кітаптарды, оқу құралдарын, дәптерлерін алып келуі тиіс.

	Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Коммунальное государственное предприятие на ПХВ «Жамбыльский высший медицинский колледж» управления здравоохранения акимата Жамбылской области	ТЖ туралы Ереже, ішкі тәртіп ережесі, студенттердің ар-намыс Кодексі / Положение о ВР, свод правил, Кодекс чести студентов колледжа	ТЖ-СМЖ-ВР-СМК 07-01-02 6 беттің 4 беті стр4 из 6
---	--	--	---

2.5. Оқуға /сабаққа/ әлдебір себептермен келе алмай қалған жағдайда, студент бөлім меңгерушісіне немесе кураторға міндетті түрде сол күні хабарлауы тиіс.

2.6. Сабақ барысы кезінде өз еркімен аудиториядан шығуға тыйым салынады.

2.7. Оқуды (сабақты) ауырып не болмаса әлдебір жағдайлармен жіберген кезде, сол уақытта өтілген сабақты меңгеріп, жазып алу қажет. Жіберілген сабақтарын студент оқытушының ЦӘК отырысында бекітілген кестеге сай өтеуге тиіс. Жіберілген сабақтарын студент сабақтан тыс уақытта өтеуі тиіс.

2.8. Күнделікті сабақтары аяқталмай, бөлім меңгерушінің рұқсатынсыз кетіп қалуға болмайды.

2.9. Студент теориялық және тәжірибелік білімділігін терең меңгеру мақсатында, өз бетінше оқып үйренуі қажет.

2.10. Оқу жоспары мен бағдарламаға сай жасалған барлық тапсырмаларды уақтысында орындау, академиялық қарыздарын уақтылы жабу.

2.11. Студенттер өз білімдерін жетілдіріп отыруға, оны күнделікті оқуда кең пайдалана білуі.

2.12. Сабақ барысында бөтен біреудің оқу материалдары мен конспектілерін қолдануға тыйым салынады.

2.13. Бітіруші түлектің дәлелді себебі бойынша (денсаулық жағдайына, әскери қызметке шақырылуына немесе өзге де объективті себептерге байланысты) кәсіптік даярлықты бағалаудан (қорытынды аттестаттаудан) қайта өтуге жіберу МАК-тың оң шешімі негізінде жүзеге асырылады. Оң бағаны арттыру мақсатында білімді және (немесе) дағдыларды қайта бағалауға жол берілмейді.

2.14. Бағалаудың бірінші немесе екінші кезеңінің қанағаттанарлықсыз нәтижесі кезінде кәсіптік даярлықты қайта бағалаудан (қорытынды аттестаттаудан) өту мерзімі Республикалық апелляциялық комиссияның шешімі негізінде 6 (алты) айдан кейін жүзеге асырылады.

2.15. Кәсіптік даярлықты қайта бағалау кезінде қанағаттанарлықсыз нәтиже алған түлектерге белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.

2.16. Студенттер колледжден келесі жағдайларда шығарылады: өз еркімен; денсаулығына байланысты; басқа оқу орнына ауысқан; үлгермеген; ішкі тәртіп және колледж Жарғысын бұзған жағдайда. Ақылы топта оқитын студент оқу ақысын төлемесе оқудан шығарылады, егер оқу ақысы төрт апта ішінде төленсе студенттер қатарына қайтадан алынады.

Студент сабақты себепсіз жіберген жағдайда:

- 36 сағат үшін – ескерту беріледі;

- 72 сағаттан асқан жағдайда- оқудан шығарылады;

2.17. Барлық топтарда, топшаларда кезекші студенттің болуы қажет, оның міндеттері:

-әр сабақтың басында және соңында тақтаны тазалап, шүберек пен борды дайындап қоюға;

-гүлдерді сұғаруға (қажет болса ғана);

-сабақ аяқталысымен терезенің алдын, тақтаны, парталарды тазартып шығуға;

-әлдебір жағдайда бөлім меңгерушісіне, кураторға немесе лаборантқа хабарласу.

2.18. Топ старостасы студенттердің тәртіп сақтауын қадағалап отыруы қажет.

3. Студенттердің колледж әкімшілігіне, оқытушыларына, колледж қызметкерлеріне қарым-қатынас міндеттері:

3.1. Студенттер әкімшілік пен оқытушылардың заңды талаптарын орындауы қажет. Барлық талаптар міндетті түрде орындалуы тиіс. Талапты орындамаған жағдайда ескертулер, қайталанған жағдайда колледжден шығарылады.

3.2. Колледждің барлық қызметкерлерімен амандасу әдебін сақтауға тиісті.

	Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Коммунальное государственное предприятие на ПХВ «Жамбыльский высший медицинский колледж» управления здравоохранения акимата Жамбылской области	ТЖ туралы Ереже, ішкі тәртіп ережесі, студенттердің ар-намыс Кодексі / Положение о ВР, свод правил, Кодекс чести студентов колледжа	ТЖ-СМЖ-ВР-СМК 07-01-02 6 беттің 5 беті стр5 из 6
---	--	--	---

3.3. Сабақ кезінде, бос уақытта да оқытушы, колледж қызметкері, бөтен адам ішке кірсе студенттер орнынан тұруы қажет.

3.4. Колледж оқытушылары мен қызметкерлеріне студенттер тарапынан ешқандай қысым көрсетілмеуі керек. Оқудағы туындаған мәселелерге байланысты ақша ұсыну қарым-қатынасына тыйым салынады.

4. Студенттердің бір-біріне деген қарым-қатынас міндеттері:

4.1. Студенттер бір-біріне достықпен, сүйіспеншілікпен, инабаттылықпен қарауы керек. Өзара ұрсу, төбелесу, балағаттау, басқа да іс-әрекеттерге тыйым салынады.

4.2. Өзінің абыройымен қоса, өз тобының, өз колледжінің намысына нұқсан келтірмеуі керек. Жоғары курс студенттері төменгі курс студенттеріне үлгі көрсетуі қажет. Топтық, ұжымдық теріс қылықты іс-әрекеттерге әкімшілік қатал жаза береді.

4.3. Оқуға зиянын келтіретін бөтен кітаптар, журналдар, қажет емес заттар, ойыншықтар т.б. колледжге алып келуге тыйым салынады.

4.4. Студенттер әлеуметтік желілер арқылы жалған және заңсыз ақпараттарды таратпауға, бір-бірінің ар-намысына тиетін әдепсіз мінез-құлық пен іс-әрекеттер жасамауға міндетті.

5. Студенттердің колледжден тыс жерлердегі сырт бейнесі және тәртібі.

5.1. Денсаулығына, жақсы оқуына нұқсан келтіретін іс-әрекеттер жасамауға тиіс (яғни түрлі ойын-сауық кештері т.б.);

5.2. Болашақ медицина қызметкерлерінің көңіл көтеретін жерлерде болуы өз өміріне қауіпті екендігін ескеру.

5.3. Заңсыз ұйымдарға қатысуға тыйым салынады. Заңды ұйымдарға қатысқан жағдайда әкімшілікке ескертілуі керек.

5.4. Колледжден тыс жерлерде студенттер ұқыпты, таза киінуі қажет.

5.5. Көпшілік жерлерде зиян келтірмей, өзін тәртіпті ұстау керек.

5.6. Топ құрып, қала тұрғындарына, демалушыларға, қала қызметкерлеріне кедергі келтірмеу.

5.7. Денсаулық күндерін, басқа да іс-шараларды табиғатта өткізу барысында шомылуға жол берілмейді.

6. Іс-тәжірибе кезінде барлық денсаулық сақтау мекемелерінде өзін-өзі ұстау ережелері.

2-4 курс студенттеріне уақтылы санитарлық тексеруден өту.

6.1. Әр студент өзінің тәрбиелік жақтарын көрсетіп, сол мекеменің тәртібін, іс-тәжірибе өткен кезде немесе басқа да жағдайларда ұстануға міндетті.

6.2. Студенттер ауруханаларға, басқа да мекемелерге барған жағдайда, өзінің үлкен іс-тәжірибелік біліміне сүйене отырып мына жағдайларды алдына мақсат ету керек:

а) барлық ауруларды бақылауға, мейірбике, фельдшер, ауруды күтуші қызметін атқаруға;

б) дәрігер-оқытушылардың берген ғылыми хабарламаларын мұқият тыңдауға.

6.3. Ауруханада қатты сөйлеуге, жүгіруге, қатты күлуге, басқа палаталарға кіруге болмайды.

6.4. Студенттерге денсаулық сақтау мекемелеріне, ауруханалардың бөлмесіне өз еркімен кіруге тыйым салынады.

6.5. Студенттер іс-тәжірибені өту кезінде, яғни дәріханаларда, ауруханаларда т.б. мекемелерде тікелей ЖЖМК-ның оқытушыларының немесе сол мекеменің қызметкерлерінің қарауында болады.

	Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Коммунальное государственное предприятие на ПХВ «Жамбылский высший медицинский колледж» управления здравоохранения акимата Жамбылской области	ТЖ туралы Ереже, ішкі тәртіп ережесі, студенттердің арнамыс Кодексі / Положение о ВР, свод правил, Кодекс чести студентов колледжа	ТЖ-СМЖ-ВР-СМК 07-01-02 6 беттің 6 беті стр6 из 6
---	---	---	---

Студенттер қандай жағдайда болмасын құралдарды, дәрілерді т.б. заттарды өздеріне алуға тыйым салынады.

6.6. Денсаулық сақтау мекемесінің басшылары немесе аурулардың сұраныстары бойынша студент берілген уақыттан арттық қалуға міндетті.

6.7. Студент іс-тәжірибе сабағын аяқтаған соң, өзінің отырған жұмыс орнын тазалап, кетіп бара жатқанда тыныштық сақтап, алдынан шыққан адамдарға мейірімділікпен қарауға тиіс.

7. Сөйлеу мәнері.

7.1. Тыйым салынады:

- дөрекі сөйлеуге;
- қызуқандылыққа;
- агрессия жасауға;
- дауыс көтеруге;
- жаман сөздер айтуға;
- алдап-арбауға, мазасыздандыруға.

7.2. Сөйлеу мәнерінен алып тастайтын сөздер:

- қажет емес сөздерді
- ұзақ алды сөздерді;
- орынсыз қалжың айтуға;
- көп сөйлесуге, сөз бөлмеуге.

7.3. Пайдалануға ұсынылады:

- аты-жөнімен атауға;
- қандайда бір мақсатпен өзіне қарату.

8. Қорытынды.

8.1. Жоғарыдағы ережелерді орындамағанда, әсіресе қарапайымдылық, сыпайылық, мәдениеттілік ережелері бұзылғанда, студенттерге қатаң жаза қолданылып, кей жағдайда колледж студенттері қатарынан шығарылады.

8.2. Маңызды жағдайда ереже мазмұны директордың немесе әкімшіліктің шешімі бойынша өзгертіледі.